Бекітемін
ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

Әдістемелік кеңестер (ӘК)
2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: педагог, мамандармен бірлесе отыра жұмыс жүргізу,

Р/с	**Жұмыс мазмұны**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
1	1.2025-2026 оқу жылында қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	қыркүйек	Әдіскер
2	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы "Баланың белсенділігі-оның денсаулығы» әдістемелік кеңес	ақпан	Әдіскер
3	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. - «Ойын - тәрбие мен білім құралы» - Тақырыптық бақылау. «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі» - «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерінің ұйымдастырудың маңыздылығы» әдістемелік кеңес - Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	сәуір	Әдіскер

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: «18» қыркүйек 2025 жыл
Қатысқандар: балабақша педагогтері, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, психолог, педагог-мамандар.

Күн тәртібі:
1. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер өз сөзінде 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарындағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік нұсқау хаттың басшылыққа алынатынын атап өтті.
Педагогтерге әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттары түсіндірілді. Атап айтқанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеру, балалардың дене, әлеуметтік-эмоциялық, коммуникативтік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамытуға жағдай жасау қажеттігі айтылды.
Сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау кезінде балалардың күнделікті өмірдегі тәжірибесін, қызығушылықтарын және белсенділігін ескеру керектігіне тоқталды. Педагог балалардың еркін ойнауына, өз ойын айтуына, қарым-қатынас жасауына және қоршаған ортаны танып-білуіне мүмкіндік беретін қолайлы дамытушы орта ұйымдастыруы қажет екені түсіндірілді.
Әдіскер оқу жылында педагогтердің перспективалық жоспарлау, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және балалардың жетістіктерін бақылау жұмыстарын белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу қажеттігін атап өтті.
Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитариялық талаптарды сақтау, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, ата-аналармен өзара байланысты нығайту мәселелеріне де ерекше назар аударылды.
Әдіскер педагогтерге әдістемелік нұсқау хатпен мұқият танысып, оқу жылы барысында тәрбиелеу-білім беру жұмысын ұйымдастыру кезінде оның талаптарын басшылыққа алуды тапсырды.

Сөз сөйледі:
Э.А.Куанаева педагогтердің оқу жылына дайындық жұмыстары туралы айтып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік нұсқау хаттағы талаптарды басшылыққа алатынын айтты.
Р.Б.Доскалиева балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру, олардың қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті.
Р.А.Рахметова ата-аналармен тығыз байланыс орнату және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.
Сөз сөйлеген педагогтердің ұсыныстары тыңдалып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша пікір алмасу жүргізілді.

Қаулы етті:

1. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат педагогтердің назарына алынсын.
2. Педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында әдістемелік нұсқау хаттың талаптарын басшылыққа алсын.
3. Тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалсын.
4. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн тәртібін сақтау және ата-аналармен өзара байланысты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
6. Әдістемелік нұсқау хат талаптарының орындалуын бақылау әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Б.К.Нысанова

Хатшы:  Ә.О.Сихова

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: «19» ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтері, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, психолог, педагог-мамандар.

Күн тәртібі:
1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Баланың белсенділігі – оның денсаулығы» тақырыбында әдістемелік кеңес.
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер алдыңғы әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталды. Өткен кеңесте педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалу барысы қарастырылып, тәрбиелеу-білім беру процесінде әдістемелік нұсқау хаттың талаптарын басшылыққа алу, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және ата-аналармен байланысты нығайту бағыттарында жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.
Педагогтердің оқу жылына арналған жоспарлары бойынша жұмыстардың жүргізіліп жатқаны, балалардың күнделікті іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде олардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің қолданылып жүргені айтылды.
Әдіскер алдыңғы кеңестің шешімдерін орындау барысында жіберілген кемшіліктерге де тоқталып, педагогтерге жоспарланған жұмыстарды уақытында және сапалы орындау, құжаттарды талапқа сай жүргізу қажеттігін ескертті.
Сөз сөйледі:
Э.А.Куанаева өткен әдістемелік кеңестің шешімдеріне сәйкес топта жүргізілген жұмыстар туралы айтып, жоспарланған жұмыстардың уақытында орындалып жатқанын жеткізді.
Р.Б.Доскалиева балалармен жүргізілетін күнделікті жұмыстарда олардың белсенділігін арттыруға көңіл бөлінетінін және балалардың қызығушылығына сәйкес түрлі қимылды ойындар ұйымдастырылатынын айтты.
Қаулы етті:
1. №1 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Алдыңғы әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жалғастырылсын.
3. Педагогтер жоспарланған жұмыстарды белгіленген мерзімде орындап, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

2.«Баланың белсенділігі- оның денсаулығы»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Б.К Нысанова «Баланың белсенділігі – оның денсаулығы» тақырыбында баяндама жасады.
Әдіскер өз сөзінде баланың денсаулығын сақтауда қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызы зор екенін атап өтті. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денесі қарқынды дамитындықтан, олардың күнделікті қимыл-қозғалысқа деген қажеттілігін қамтамасыз ету маңызды екеніне тоқталды.
Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында күн тәртібіне таңертеңгілік жаттығуларды, қимылды ойындарды, сергіту сәттерін, дене шынықтыру жаттығуларын және таза ауадағы қозғалыс белсенділігін жүйелі енгізу қажеттігі айтылды.
Әдіскер қимылды ойындарды ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керектігін түсіндірді. Ойын барысында барлық баланың белсенді қатысуына

жағдай жасап, баланы шамадан тыс шаршатпай, жаттығуларды біртіндеп күрделендіру қажет екені атап өтілді.

Сонымен бірге бөлме ішін желдету, таза ауада серуендеу, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану және жеке бас гигиенасын қалыптастыру да баланың денсаулығын сақтаудың маңызды шарттары екені айтылды.

Әдіскер педагогтерге күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың қозғалысын шектемеуге, белсенді ойындар мен жаттығуларды тиімді пайдалануға және әр баланың жеке мүмкіндігін ескеруге кеңес берді.

Сөз сөйледі:

Р.А.Рахметова өз тобында балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында таңертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар және сергіту жаттығулары ұйымдастырылатынын айтты.

А.Е.Бектасова таза ауадағы серуен кезінде балалармен қимылды ойындарды жүйелі ұйымдастырудың тиімділігіне тоқталды. Балалардың ойынға қызығушылығы жоғары екенін және белсенді ойындардың олардың көңіл күйіне жақсы әсер ететінін атап өтті.

Ә.О.Сихова балалардың денсаулығын сақтау тек дене жаттығуларымен шектелмейтінін, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу және жеке гигиена да маңызды екенін айтты.

Педагогтердің пікірлері тыңдалып, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін күнделікті ұйымдастырылған жұмыстарда арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

1. «Баланың белсенділігі – оның денсаулығы» тақырыбындағы әдістемелік кеңестің шешімдері назарға алынсын.
2. Педагогтер балалардың күнделікті іс-әрекетінде қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырсын.
3. Таңертеңгілік жаттығу, сергіту сәттері, қимылды ойындар, дене шынықтыру жаттығулары және таза ауадағы қозғалыс белсенділігі тұрақты жүргізілсін.
4. Қимылды ойындар мен жаттығуларды таңдауда балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескерілсін.
5. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында күн тәртібінің, тазалық және қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
6. Әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер
7. Б.К Нысановаға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Б.К.Нысанова

Хатшы: Ә.О.Сихова

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: «16» сәуір 2026 жыл
Қатысқандар: балабақша педагогтері, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, психолог, педагог-мамандар

Күн тәртібі:
1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбында әдістемелік кеңес.
3. Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі».
4. «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбында әдістемелік кеңес.
5. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.

Бірінші мәселе бойынша
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.К. Нысанова
№2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Алдыңғы кеңесте балалардың денсаулығын сақтау, олардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, күн тәртібін тиімді ұйымдастыру және қимылды ойындарды жүйелі пайдалану бойынша берілген тапсырмалардың орындалуына талдау жасалғанын айтты.
Педагогтердің балалармен күнделікті жұмыс барысында таңертеңгілік жаттығулар, сергіту сәттері, қимылды ойындар және таза ауадағы қозғалыс белсенділігін ұйымдастырып жүргені атап өтілді.
Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, қимылды ойындарды дұрыс таңдау және ойын барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Р.Б.Доскалиева өз тобында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында қимылды ойындар мен жаттығулардың жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты.
Р.А.Рахметова таза ауадағы серуен кезінде балалардың белсенділігін арттыруға бағытталған ойындардың тиімді ұйымдастырылып жүргеніне тоқталды.
Екінші мәселе бойынша
«Ойын – тәрбие мен білім құралы»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Б.К. Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі іс-әрекеті ойын екенін атап өтті. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны танып, өз ойын жеткізуге, басқа балалармен қарым-қатынас жасауға, ережені сақтауға және өздігінен әрекет етуге үйренетініне тоқталды.
Ойын баланың тек көңіл көтеру құралы емес, оның тәрбиесі мен білім алуына ықпал ететін тиімді құрал екені айтылды. Педагогтерге сюжеттік-рөлдік, дидактикалық, қимылды, шығармашылық және ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тиімді пайдалану ұсынылды.
Ойын барысында балалардың танымдық қабілеттерін, шығармашылығын, тілін, қарым-қатынас дағдыларын және дербестігін дамытуға мүмкіндік жасау қажеттігі түсіндірілді.
Сөз сөйледі:

Э.А.Куанаева сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өзара көмектесу және жауапкершілік дағдылары қалыптасатынын айтты.
А.Е.Бектасова дидактикалық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекетте пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл қабылдауына мүмкіндік беретінін атап өтті.
Г.М.Дюсенов қимылды ойындардың балалардың дене белсенділігін арттырумен қатар, ұйымшылдыққа және ережені сақтауға тәрбиелейтінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша
Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі»
Тыңдалды:
Тақырыптық бақылаудың қорытындысы бойынша әдіскер Б.К.Нысанова ақпарат берді.
Бақылау барысында топтарда өткізілетін ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің дайындық деңгейі, мазмұны, балалардың қатысу белсенділігі, педагогтердің ұйымдастырушылық жұмысы және іс-шаралардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі қарастырылғаны айтылды.
Бақылау нәтижесінде педагогтердің балаларды іс-шараларға алдын ала дайындайтыны, өлең, ән, би және қимылды ойындарды балалардың мүмкіндіктеріне қарай таңдайтыны атап өтілді.
Сонымен қатар іс-шара барысында барлық баланың белсенді қатысуына жағдай жасау, балаларға шамадан тыс жүктеме бермеу және ертеңгіліктердің мазмұнын жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру қажеттігі айтылды.
Сөз сөйледі:
Г.Р.Титеева ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде балалардың өздерін еркін сезінуіне және іс-шараға қызығушылықпен қатысуына көңіл бөлінетінін айтты.
Р.Б.Доскалиева алдағы іс-шараларда балалардың белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды көбірек енгізу қажеттігін атап өтті.
Төртінші мәселе бойынша
«Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы»
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнатудың маңыздылығына тоқталды.
Баланың тәрбиесі мен дамуы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асатынын атап өтті.
Ата-аналармен жұмысты тек ата-аналар жиналысымен шектемей, жеке кеңес беру, ашық есік күндері, бірлескен іс-шаралар, сауалнамалар, шеберлік сағаттары, ақпараттық бұрыштар және басқа да тиімді жұмыс түрлерін пайдалану қажеттігі айтылды.
Педагог пен ата-ана арасында өзара сенім мен түсіністік қалыптастыру баланың тәрбиесі мен дамуына оң ықпал ететіні түсіндірілді.
Сөз сөйледі:
А.Э.Куанаева ата-аналармен жеке қарым-қатынастың маңыздылығына тоқталып, әр баланың ерекшелігі туралы ата-анамен тұрақты пікір алмасу қажет екенін айтты.
С.Е.Туйгожина ата-аналарды топтың тәрбиелеу-білім беру жұмысына белсенді қатыстырудың тиімді екенін айтып, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруды ұсынды.

Бесінші мәселе бойынша
Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша әдіскер Б.К.Нысанова сөз сөйледі.
Әдіскер оқу жылы бойы педагогтердің атқарған жұмыстарына тоқталып, тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысқан, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындаған, балалармен жұмыс барысында шығармашылық ізденіс танытқан педагогті мадақтауға ұсыну мәселесін қарауды ұсынды.
Мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатурасын анықтау барысында педагогтің оқу жылындағы жұмысы, балалармен жүргізген тәрбиелік және білім беру жұмыстары, ата-аналармен байланысы, әріптестерімен ынтымақтастығы және ұйымның қоғамдық жұмыстарына қатысуы ескерілетіні айтылды.
Сөз сөйледі:
Р.Б.Доскалиева педагогтің оқу жылындағы жұмысына тоқталып, оның балалармен жұмыс барысында белсенділік танытып, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайтынын айтты.
А.Е.Бектасова педагогтің ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орнатқанын, тәрбиелеу-білім беру жұмысына белсенді қатысып жүргенін атап өтті.
Ә.О.Сихова оқу жылы бойындағы еңбегін ескере отырып, педагогті мадақтауға ұсыну туралы пікір білдірді.
Мадақтауға ұсынылатын педагог: Э.А.Куанаева

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. №2 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ойынның тәрбиелік және білімдік мүмкіндіктері тиімді пайдаланылып, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі ойын түрлері жүйелі ұйымдастырылсын.
3. Балалардың ойын барысында белсенділігін, шығармашылығын, танымдық қабілеттерін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға жағдай жасалсын.
4. Тақырыптық бақылау нәтижелері назарға алынсын. Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктерді ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, әр баланың белсенді қатысуына мүмкіндік берілсін.
5. Ата-аналармен жұмыста заман талабына сай тиімді жұмыс түрлері қолданылып, ата-аналармен өзара ынтымақтастық пен кері байланысты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
6. Оқу жылының қорытындысы бойынша мадақтауға ұсынылатын педагогтің кандидатурасы қаралып, тиісті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілсін.
7. Әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскер Б.К.Нысановаға жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Б.К.Нысанова

Хатшы: Ә.О.Сихова